



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ
ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

Ахмет
БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

БІЛІМ ЖАРЫСЫ

• СТУДЕНТТІК ГАЗЕТІ • 13 желтоқсан 2023 ЖЫЛ • №6

Есть контакт!

Когда кто-то делится, выигрывают все

Урожайным на яркие события международного сотрудничества стал в КРУ прошедший месяц



«Сойтись вместе – это начало, держаться вместе – это прогресс, работать вместе – это успех», - утверждал один из самых успешных людей современности Генри Форд.

Нацелен на успех и наш КРУ, активно расширяя и углубляя меж-

дународное сотрудничество.

Только за последние три года наш университет заключил международные договоры с двумя польскими университетами, двумя литовскими, одним турецким, четырьмя белорусскими, двумя узбекскими и 25-ю ве-

дущими вузами Российской федерации. Теперь к этому перечню добавятся еще и меморандумы с ведущим аграрным университетом Китайской Народной Республики и южно-корейским университетом Dong –Eui.

продолжение на 2-стр

ЕСТЬ КОНТАКТ

Когда кто-то делится, выигрывают все

Урожайным на яркие события международного сотрудничества стал в КРУ прошедший месяц

продолжение. начало на 1 стр.

Сойтись вместе...

Едва распрощавшись с китайской делегацией, кафедра ветеринарной медицины КРУ встретила Зою Микниене - доктора PhD, доцента Клиники Крупных животных Факультета ветеринарной медицины, DVM, Литовского университета наук здоровья (г.Каунас).



Зоя Микниене – член союза ветеринарных врачей зоологического сада и дикой природы Литвы и ассоциации ветеринарных врачей. Для студентов она прочитала курс лекций по темам «Болезни лошадей» и «Гематология». Кроме этого, приняла активное участие в семинарах для преподавателей, провела консультации для магистрантов и докторантов ОП «Ветеринария». В составе жюри участвовала в студенческой научно-практической конференции кафедры Ветеринарной медицины «Вклад молодежи в развитие науки Республики Казахстан», с искренним интересом прогулялась по конно-спортивному заводу «Қазақ тұлпары».

А наш педагогический институт в ноябре принимал авторитетного специалиста из Болгарии кандидата социологических наук профессора по маркетингу в туризме Лину Анастасову из Бургосского свободного универ-

ситета. В течение месяца она читала лекции в контексте наших образовательных программ «Физическая культура и спорт», «Туризм» и «Ресторанное дело и гостиничный бизнес». Стала активным участником заседания круглого стола «Актуальные проблемы менеджмента и маркетинга». Помимо лекций, провела мастер-классы для профессорско-преподавательского состава, консультации по написанию рейтинговых научных статей.

Держаться вместе...

Не первый год дружит кафедра журналистики и коммуникационного менеджмента КРУ с Санкт-Петербургским государственным университетом. Все началось с участия наших преподавателей и студентов в международных конференциях, проводимых Высшей школой журналистики и массовых ком-



муникаций престижного российского вуза. Потом на научные стажировки туда стали отправляться магистранты и докторанты, в результате чего научными консультантами наших докторских диссертаций стали ведущие профессора СПбГУ Гавра, Лилия Дускаева, Камилла Нигматуллина. И вот новый этап научно-творческого «вместе»: грандиозная совместная конференция с участием авторитетных ученых из США, Индии, Италии, Белоруссии, Азербайджана, Китая, Болгарии, России.

Два дня второй декады ноября благодаря энергичной инициативе и научному ав-

торитету заведующей кафедрой медиалингвистики СПбГУ профессора Лилии Рашидовны Дускаевой наш КРУ стал центром общения ведущих ученых-медиалингвистов мира. А это значит, что копилка научно-творческого сотрудничества нашей кафедры пополнилась реальным знакомством с авторитетными исследователями сферы медиа сразу из 15 университетов трех континентов. А с другой стороны, нашим студентам, магистрантам, докторантам была предоставлена возможность непосредственно войти в сферу большой мировой гуманитарной науки, воочию созерцать, как утверждаются и отстаиваются новые теории, идеи, концепции. Знаково и то, что в организации и проведении этого научного форума ученые СПбГУ на площадке КРУ приняли участие офлайн. Следующим этапом сотрудничества станет выпуск сборника научных публикаций участников конференции и, ко-

нечно же, открывшиеся новые возможности для межвузовской и межкафедральной коллаборации.

Работать вместе...

Скорый результат обещает динамика взаимоотношений нашего КРУ с Северо-западным университетом сельского и лесного хозяйства (NWAUFU), который входит в топ лучших аграрных вузов Китая. В начале текущего учебного года делегация КРУ им. Байтурсынұлы во главе с ректором Сейтбеком Куанышбаевым посетила это учебное заве-

дение, где был подписан договор о взаимном сотрудничестве, а уже в ноябре к нам оттуда с ответным деловым визитом прибыла авторитетная китайская делегация для обсуждения деталей сотрудничества в области агрономии, ветеринарной медицины, экологии и биологии.

Помимо традиционных стажировок студентов и преподавателей, программы академической мобильности, стороны договорились о создании на базе КРУ агроцентра совместно с NWAUFU, где будут проводиться различные исследования новых сельскохозяйственных культур на опытном поле. Для этого на базе НИИПБ будет создана совместная лаборатория безвирусного семенного материала картофеля. Уже в ближайшее время ученые КРУ отправятся в Китай для того, чтобы пройти стажировку, а с мая 2024 года приступить к работе по совместным исследованиям. В ходе встречи стороны также договорились о создании рабочих групп по разработке дублированных программ магистратуры КРУ и NWAUFU.

Таким же успешным и обнадеживающим был визит в КРУ президента университета Южной Кореи Dong –Eui доктора Хан Су Уон (Dr. SooWhan Han), когда был подписан меморандум о сотрудничестве в области подготовки кадров для машиностроительной отрасли Казахстана. При ответном визите нашей делегации в Южную Корею представители вузов договорились о том, что ежегодно 5 костанайских студентов BU будут обучаться в рамках программ академической мобильности в Dong Eui university. Кстати, первая группа отправится туда уже в марте 2024 года. В настоящее время представители обеих сторон работают над сопоставлением и синхронизацией образовательных программ бакалавриата и магистратуры для реализации программы двойного диплома по образовательной программе «Машиностроение». Мало того, там, на корейской земле состоялось подписание и еще одного уникального меморандума с Фондом короля Седжонга, который занимается распространением по всему миру корейской культуры. Это соглашение позволит открыть на базе BAITURSYNULY UNIVERSITY эксклюзивный Корейский Культурно-Образовательный Центр.

Глеб Рычко,
студент 2 курса ОП «Журналистика»



Ұстаздық - ұлы қызмет

ЖІГІТКЕ ЖЕТІ ӨНЕРДЕ АЗ

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің тәрбие ісі жөніндегі деканның орынбасары Руслан Батырханұлының білікті маман, жақсы оқытушы ретінде білеміз. Студенттердің ыстық ықыласына бөленген Руслан ағайымыздың жан-жақты адам екенін біреу білгенмен, біреу білмес.

Руслан Батырханұлы Қостанай облысы, Мендіқара ауданы, Ұзынағаш ауылында дүниеге келген. 1998-2009 жылдар аралығында Ұзынағаш ауылындағы Оразалы Қозыбаев атындағы орта мектепте білім алды. Сол бозбала шақтан-ақ өзге балалардан ерекшеленіп көзге түсетін. Сан қиялдың жетегі бала Русланды түрлі арманға жетеледі. Ол мектепте оқып жүрген сәтінде есепті шемішкедей шағатын, тіпті бухгалтер болуды да армандаған. Гуманитарлық саланы меңгерген маманның математикаға жаны құмар болғанын біреу білсе, біреу білмес. Бұл арман оны жетінші сыныпқа дейін жетеледі. Алайда, жетінші сыныпта арманы күрт өзгеріп, тарихқа бет бұрған.

— Оқушы кезімнен математикаға зерек болдым әрі сол пәнді сүйіп оқыдым. Жетінші сыныпта атам біздің үйге көшіп келді. Содан бағытым тарих пәніне ауысты. Атамның есімі Жүсіп Ахмет, тарихшы. Өмірін ұстаздық жолға арнаған адам. Сол кісінің демеуімен әлеуметтануға бет бұрдым. Бұл саланы таңдағаным өкінемеймін, — дейді Руслан мырза.

Оқытушының тағы бір әуесі — спорт. Руслан Батырханұлы спорттың бірнеше түрімен айналысты. Бала жасынан аттың құлағында ойнап, жылқының жалына жармасып өскен. Атақты футболшы Месси секілді ала доппен әуестеніп, талай голдың иегері болғаны өз алдына бөлек әңгіме. Тіпті команда сапындағы достарының әлсіз ойын көрсеткеніне намыстанып, жалғыз өзі бірнеше голдың авторы атанған.

— Бала жасымнан футболды сүйіп ойнадым. Ауылда ала доптың арқасында аудандық деңгейдегі жарыста оза шауып, топ жардым. Ол кезде қазіргідей смартфон жоқ. Ойын баласы таңнан кешке дейін доп тебеміз, спорттық жаттығулар жасаймыз. Өзім төменгі сыныптардан бастап жүргіруден бірталай жүлделерге ие болдым. Өлі есімде аудандық кермеге тартылудан жарыс өтті. Оған жүзге жуық бала қатысты. Содан бірінші орын алғанмын. Үстел ойындарының барлығын жақсы ойнаймын. Тоғызқұмалақ, дойбы, шахмат және өзге де, — дейді кейіпкер.

Кейіпкеріміздің жанында жүрген достары да біле бермейтін қырлары көп. Соның бірі күйшілік өнер. Қолына домбыраны алып, қазақтың күйлерін нақышына келтіріп орындағанда, шеберлігіне тамсанбау мүмкін емес. Онға жуық күйді еркін тартып, оның ішінде «Балбырауын», «Ерке сұлқым» сынды күйлерді кәсіби күйшілермен жарыса орындайды. Ал ақындығы бір төбе. Өлеңін оқыған жақындары оның бұл өнеріне де жоғары бағасын беріп қойған.

— Өлең көбіне махаббаттан туындайды ғой. Ақындардың көп өлеңдері сезім, махаббат, аңсау, сағыныш. Мен де студенттік кезде бала махаббаттан болар өлең жазғанмын. Өлең — адамның ішкі мұңынан құтылудың тиімді жолы. Жалпы қолым босағанда сазгерлердің әндеріндегі мәтіндерді өңдеп, қайта жазатыным бар, — дейді Руслан ағай.

Мектепті аяқтағасын 2009-2013 жылдар аралығында А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің «Тарих» мамандығы бойынша білім алып, гуманитарлық пәндер ғылымының бакалавры атанды. 2013-2015 жылдар аралығында «Тарих» мамандығы бойынша гуманитарлық ғылымдар магистрі атағына ие болды. Кейін докторантураны

аяқтап, қазіргі таңда диссертация қорғау мақсатында ғылыммен шұғылданып жүрген жайы бар.



Оқуды аяқтап, қызметін мұражайдан бастаған ол еңбек жолында да жақсы қырынан танылды. Бірнеше жерде қызмет жасап, мол тәжірибе жинаған маман бүгінгі таңда әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің тәрбие ісі жөніндегі деканның орынбасары қызметін атқаруда.

Сұхбат барысында біз Руслан Батырханұлының жана қырынан таныдық. «Жас келсе іске» демекші, жас та болса еңбек жолында талай жетістікке де жетті. Жеткен жетістіктері де, табысты еңбек жолы да елеусіз қалмады. Бір басына жететін марапаттардың иегері. 2021 жылы «BILIM-

ORKENIETI» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен конкурста «Қазақстанның үздік магистрі» төсбелгісімен және І дәрежелі дипломмен марапатталды. Одан бөлек облыс-қала әкімдерінен, білім және ғылым министрінен де алғыс хат алды.

«Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» дегендей, жас та болса білім жолында аянбай еңбек етіп жүрген Руслан Батырханұлы жан-жақты шығармашылық тұлға ғана емес, студенттердің ықыласына бөленген білікті оқытушы. Ағайымызға еңбек жолында, ғылым жолында толағай табыстар тілейміз.

Бибіт Мирамұлы,
«Журналистика» ББ 2-курс студенті

Хочу поделиться

УЧИТЬ АНГЛИЙСКИЙ - ЭТО КАК УЧИТЬСЯ ПЛАВАТЬ

Откровения студентки



Ура! К нам прибыли учёные из Ирландии! Насколько я знаю, это первый приезд в КРУ посланцев из Ольстерского университета. Конечно, я удивилась приезду ирландцев и рвалась их побыстрее увидеть. Но встреча была предназначена только для магистрантов, и это меня разочаровало. Мне всегда интересно общаться с новыми людьми. И вдруг я узнаю от куратора, что мы, переводчики, тоже приглашены туда. Когда я вошла в зал, сразу и не поняла, где же ирландцы. А оказалось, что женщина, возле которой я остановилась, и была ирландка Сара Смит. Конечно, я имела пред-

ставление о том, как выглядят жители из тех мест: мы видели их на экране, когда отмечали на факультете День святого Патрика. Но Сара Смит была одета по-европейски официально-нейтрально, так что только по акценту я поняла, что она родом из Ирландии. Она быстро и грамотно говорила по-английски.

Сара призналась в том, что она, как и мы, хочет учить английский и преподавать. Но все-таки я почувствовала, что за плечами у нее был большой практический опыт. Гостя почитала нам обзорную лекцию о правилах и этике на уроке. Я узнала, как нужно грамотно выстраивать свою речь: главное - закончить мысль, а не перескакивать с одной фразы на другую, чтобы не потерялся смысл в том, что ты хочешь сказать. А еще она учила, как планировать занятия и проводить их эффективно и нескучно. Мы разобрали, что следует говорить ученикам и как сделать английскую речь учителя легче и понятнее. Сара подготовила для нас упражнения, чтобы мы потренировались в умении общаться с детьми. Потом она поделилась тем, как сама проводит групповые занятия, чтобы при общении и решении общей задачи ученики улучшали свои навыки общения

на английском. Мне очень понравилась одна фраза Сары: «Учить английский - это как учиться плавать. Быстро не получится, но если тренироваться, то обязательно достигнешь успеха». Мне запомнился слайд с плавающей собачкой.

... В который раз убеждаюсь, что намного эффективнее и проще слушать человека вживую и на эмоциях. И это незабываемо, в отличие от онлайн-лекции. Рекомендации Сары Смит заставили меня задуматься

и посмотреть на процесс обучения иначе, сделать его результативнее, эмоциональнее, интереснее. В моей специализации такие фоновые знания могут пригодиться при переводе текстов из сферы образования. А может, когда и в преподаватели судьба закинет...

Карина Бурханова,
студентка 3 курса ОП «Переводческое дело»



«Әдебиет әлемі шабыттандырады...»

Біздің кейіпкеріміз қазіргі таңда «журналистика» мамандығы бойынша білім алып, сол салада жұмыс жасауда. Оны журналистика ғана емес, әдебиет саласы да қызықтырады.

Әдебиет - ұлы ұғым, рухани азықтың құралы. Ақиқат, шындық пен адалдықты талап етеді. Қаламына адал боп, қағазына дақ түсірмей жүрген облыстық әдеби байқаудың бас жүлдегері, облыстық «Қостанай таңы» газетінің тілшісі жас жазушы-журналист- Бибіт Нұрмұхамедовпен сұхбаттасқан едік. Бибіт А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің студенті.

- Бибіт мырза, сұрағымызды әдебиетке келу жолыңыздан бастасак. Шығармашылық жолға қалай келдіңіз? Себеппер яғни арнайы әдебиетке алып келген адам болды ма?

- Жалпы менің әдебиетке келуіме өзімнің өскен ортам, отбасым себеппер десем артық айтпағаным болар. Себебі әкем өзі журналист, аға-інілерінің бірі - жазушы, бірі - ақын. Елге белгілі, танымал адамдар. Әдебиеттен құр алақан емес, шығармашылықтың маңайында жүріп, сөз ұстаған кісілер. Солардың арқасында болса керек, кішкентай кезімнен қолыма қалам алдым. Себеппер болған, үлгі тұтатқан жандар да болды. Әдебиетте қандай да бір жетістікке жетуіме, әсіресе, журналистика, жазушылық салада шыңдалуыма септігін тигізген, ұстазым- Жанұзақ Аязбеков. Ол кісі қабілетімді байқап, «Сен баланың қолыңнан бір нәрсе келетін секілді. Мынаны жаз, былай істе, сенің қолыңнан мына бағыт келеді. Болашағың бар» деп ақыл-кеңесін, бағыт-бағдарын беруінің арқасында шығармашылық жолда келемін. Жанұзақ ағаға дейін өзімнің үлгі тұтар, пірім Дінәш ата Нұрмұхамедовке еліктеп өстім. Өкінішке қарай ол кісі дүниеден өтті. Алайда, артында мол мұрасын, еңбегін қалдырды. Сол кісінің жолын жалғап, жазу стиліне, шығармаларындағы ерекшеліктеріне сүйсінемін. Ол кісінің жазу қабілетін ерекше құрметтеймін. Қанеш Қанафин - белгілі ақын, Қазақстан Республикасы бойынша нөмірі бірінші шалқымашы. Шалқымашы деген әдебиеттегі керемет өнер. Ақ өлеңмен қисынды сөздерді келістіре отырып қағаз бетіне түсіру. Осы кісілерді үлгі тұтып, жазғанына қарап, еліктеп өстім.

- Қай тақырыпқа көбірек қалам тартасыз?

- Фантастика, мистика, утопия, антиутопия деген әдебиетте жанрлар бар. Тылсым, адамның ақыл-ойынан тыс еріксіз орындалатын, қоғамда кейде біз байқай бермейтін,



байқасақ та мән бермейтін жағдайларға байланысты жазамын. Оның ішінде бірқатар әңгімелерім республикалық деңгейдегі әлеуметтік желілерге, баспасөз беттеріне жарияланып келеді. Әрине, мені ең алғаш танытқан «Өмір» деген новелла. Ол утопиялық бағытта жазылған, бір қыз баланың өмірі жайында. Қуанышқа, бақытқа толы отбасында өмір сүріп жатқан қыз, кенеттен нәубетті оқиғаға тап болады. Жол-көлік апатына ұшырап, анасынан, бауырларынан айырылады. Әкесі екеуі жалғыз қалады. Ал әкесінің денсаулығы жол көлік оқиғасынан сыр берген. Әкесінің дәрі-дәрмегіне қаражат жоқ. Ал қазіргі қоғамда ақшаны «мә» деп ешкім бере бермейді. Содан қыз не істейді? Әлбетте, жеңіл жүрісті яғни азғындық жолға түседі. Солайша нәпақа тауып, күнін көріп, әкесінің дәрісіне ақша табады. Қоғамның сондай қатыгездігін сипаттай отырып адам жүрегіндегі мейірімнің шам-шырағын тұтату еді. Дәл осы шығарма мені көптеген жетістікке жеткізді. Өйткені «Өмір» облыстық байқаудан 1-ші орын алуыма, Қазақстан Жазушылар Одағы ұйымдастырған әдеби байқауда алғыс хат иегері атануыма үлкен септігін тигізді.

- Соңғы жазған шығармаңыз қандай?

- Қазір белгілі себепперге байланысты ештеңе жазып жүрген жоқпын. Негізі соңғы жазған шығармам былтыр жаз айында «Іңір кезі» деген туынды болатын.

басқа да аға буын өкілдеріне ортақ проблема. Ал өлең, керісінше, шабыт келген кезде жазылады. Дулат Исабековтің бір сөзі бар ғой «Мен ақындарға қайран қалам және де қызығам. Себебі олар іссапарлап бара жатса, көлікте отырып бара жатқанда екі өлең, келе жатқанда екі өлең төрт өлең шығарып тастайды. Ал жазушыларға ондай мүмкін емес». Міне осыны: уақыттан ұтылуды проблема дер едім.

- Қазіргі ақын-жазушылардан кімдерді сүйіп оқисыз?

- Жас жазушылардан негізі шетелдік жазушыларды сүйіп оқитынмын. Бірақ соңғы уақытта шетел жазушыларынан аяқ тартудамын. Себебі, өзіміздің қазақтан шыққан дарынды, талантты қаламгерлеріміз көп. Өзім сүйсініп оқитын жазушыларым - Дінәш Нұрмұхамедов, Абылай Мауданов, Нұрқанат Құлабаев. Енді Республикаға белгілі болған жазушылардан - Қ. Жұмәділов, О. Бөкей және М. Мағауиннің тісім батқан шығармаларын оқып тұруға тырысамын. Шетел әдебиетінен Джек Лондон, Агата Кристи, Артур Конан Дойл, Стивен Кинг. Жапон-корей әдебиетінен Х. Мураками, Р. Акутагава сынды жазушылардың шығармашылығымен таныспын. Орыс әдебиетінде де Толстойдан бастап Анна Ахматоваға дейін парақтағаным бар.

- Ғабит Мүсірепов: «Жазушы еңбегі санмен емес, сапамен өлшенеді» деп еді. Бұл сөзбен келісесіз бе? Өзіңізбен қатарлас жазушылардың шығармашылығын қалай бағалайсыз?

- Әрине, жақсы, жоғары деңгейде бағалаймын. Жүректен шыққан шығарма адамды бірден тартып тұрады. Өлең болсын, проза болсын. Сонымен қатар, олардың ішінде бір ерекше тазалық болады. Негізі, иә, мойындау керек, былай қарағанда жазушылық - еріккенің ермегі болып көрінеді. Біреулер «42 әріпті жатқа білген адам жазушы бола алады» дейді. Ол бірінші кезекте екінің бірі көптеп кітап шығарып кетуінің салдарынан болды. Бұл бір жағынан дұрыс, екінші жағынан бұрыс. Өйткені, адам су татыған кітапты көру арқылы өзіне керек жақсы кітапты іздейді. Уақытың келтелігін ескерсек кітап іздемей кетуі де ғажап емес.

- Бибіт, арнайы уақытыңызды бөліп сұхбат беруге келіскеніңізге көп-көп рахмет! Сізге шығармашылық табыс тілейміз!

Сұхбаттасқан Диана МАРАТҚЫЗЫ
«Журналистика» ББ 2-курс студенті



Вопрос ребром

Подработка студента: разрешить нельзя запретить!

эта тема актуальна и для студентов и для преподавателей

Большинство студентов сейчас стремится к самостоятельности. В первую очередь это выражается в желании быть финансово независимыми. Это, конечно, похвально, но всем ли сходит с рук? Кто-то бешено крутится, как белка, в колесе учёбы и работы, а для кого-то такой расклад на раз плюнуть...

Работать или не работать, вот в чём вопрос

Где и почему работают студенты и как относятся к этому в нашем университете? Попробуем разобраться.

...Вот Дмитрий снова уснул на «паре». Пришлось разбудить, чтобы узнать причину. Оказалось – накануне допоздна работал на стройке, помогая отцу. Признается: «Совмещать работу с учёбой тяжело. Эти два занятия забирают силы и время. Из-за чего, конечно, хромает учёба». Дима помогает отцу строить дом. Чужой. Свой они уже вместе построили. Работает по выходным и в те дни, когда занятия заканчиваются рано. Тогда напрямиком из университета на стройку. Работает, чтобы быть материально независимым от папы и мамы. Так он сам решил: родители к этому не принуждали.

...Бахыт с нотками возмущения и извинченности в голосе призналась, как ей работает официанткой. «Приходится работать буквально на износ, потому что моя учёба стоит денег! Я должна сама оплатить себе обучение. Так что нужда у меня в работе большая, как и сумма, которую надо заплатить. Да, это тяжело, да, это истощает, но я считаю, что обязана помочь родителям дать мне высшее образование, ведь мне уже больше 18-ти. Чисто по-человечески преподавателям, может быть, и жаль меня, но баллы от этого выше не становятся. Ставят по факту». Работая допоздна, она устаёт физически и морально, постоянно мечтает выспаться.

...Чудом мне удается поймать Даригу. В спешке она сообщает, что после университетских пар трудится в редакции газеты «Наш Костанай», где желает набраться журналистского практического опыта: «У меня цель - развиваться в этой сфере. Даже если я в перспективе не впишусь в медиа, хочу, чтобы в моей жизни был такой опыт работы. И вообще понять - моё это или нет». Как и многим студентам, ей нелегко совмещать учёбу и работу, но от своей цели она не отступает: «Из-за того, что я работаю в редакции на полной ставке, готовиться к семинарам приходится ближе к часу ночи с «распухшей» головой. Порой результат получается не очень, но по крайней мере я стараюсь. Преподаватели относятся к моей подработке по-разному: в зависимости от того, сколько пропущено и не отработано занятий». Задаю вопрос: «А родители?» Дарига им не жалуется, не желая расстраивать. Поэтому просто не рассказывает, каково ей сейчас, наоборот, заверяет их в том, что у нее всё просто замечательно.

Думаю, в этих историях некоторые наши студенты узнают и себя.

Работа ещё догонит

Мне было любопытно узнать, как относятся к подработкам студентов наши преподаватели.

Профессор Жусупова Алматай Мергенбаевна ориентировала своё мнение на вид



работы и курс студента: «Если речь идёт о студентах 1-го и 2-го курсов, то я бы советовала им все-таки больше сосредоточиться на учёбе, на получении теоретических знаний. А третькурсникам и четверкурсникам можно уже закреплять на практике эти знания, подрабатывая в местах, связанных со сферой будущей профессии. Я только приветствую такую подработку». К работе вне получаемой специальности профессор относится отрицательно. Ей трудно смириться с такой «практикой». Она уверена: «Студенты всё-таки в таком возрасте, когда важно получать знания, которые будут нужны им в течение всей последующей трудовой деятельности. Я считаю, что это вам, студентам, время периода молодости не случайно дано для того, чтобы вы насыщались знаниями».

Преподаватель иностранного языка Шлотгауэр Ирина Петровна тоже не выразила восторга по поводу подработки студентов. Особенно, если это касается первокурсников, поскольку работа на стороне зачастую мешает учебе, сказывается на качестве подготовки д/з, провоцирует пропуски занятий. Однако она понимает, что ситуации бывают разные: для некоторых это острая необходимость, для кого-то возможность обретения финансовой независимости и самостоятельности. Ирина Петровна рекомендует в таких случаях подыскивать вакансии с гибким графиком работы или, как вариант, устраиваться не на полную ставку: «Для студента в приоритете должна быть все же учеба, а работа его ещё догонит».

Жолдаспекова Лаура Муслимовна относится к подработкам своих студентов тоже с пониманием: «Многие наши студенты – не городские. Они тратятся на жильё, на свои каждодневные расходы, на всякие «хотелки», а есть и те, кто даже сам оплачивает свое обучение. Часто студенты работают в силу необходимости, а не по желанию». Но не мирится Лаура Муслимовна с тем, когда, прикрываясь работой, студент пропадает из университета, не ставит преподавателя в известность, не выполняет дополнительные задания, ничего не прикрепляет в мудл, а потом появляется на неделе рубежного контроля и хочет нор-

мальные баллы. Особенно нетерпимо она относится к тем, кто откровенно врёт по поводу работы, в университете подолгу не появляется, ведет праздный образ жизни, морочит голову своим родителям.

Двух зайцев разом или когда подработка в удовольствие

Признаюсь: я сама тоже работаю. Подрабатываю аниматором на детских праздниках, отчего получаю для себя двойную пользу. Именно на этой работе я поборолась в себе страх перед микрофоном и публикой, научилась уверенно выступать на сцене, стала более открытой и общительной. Всё это будет полезно для моей будущей профессии. Получается, что помимо заработка и удовольствия, я приобретаю интересный

и полезный опыт. Это никак не мешает учёбе, так как график подработки свободный. Работаю по возможности, то есть, когда заявка выпадает на внеурочное время. На своем опыте убеждаюсь, что только такой вид работы самый оптимальный и непроблемный для студента.

Внеучебное время – личное время студента. Это касается и наших подработок. Так что запяную в словесной формуле «разрешить нельзя запретить подработки», на мой взгляд, в каждом конкретном случае должны поставить либо родители студента, либо он себе сам, честно оценив свои силы и просчитав риски.

Виктория Казаченко
студентка 2 курса ОП «Журналисти-



Нескучно живем

Когда преподаватель и студент близнецы-братья...

...конечно же, в нашем традиционном шоу «Две звезды»

Потому что ничего так не сближает людей разного возраста и статуса, как совместное творчество, музыка и сцена. В этот раз 7 звездных пар предстали перед битком набитым залом, чтобы совместно исполнить свою песню и доказать, что преподавателям и студентам подвластны не только лекции и семинары, но и аплодисменты восторженных зрителей!

Участники этого яркого шоу представили по одному вокальному номеру. Надо ли говорить, сколько репетиций, творческих поисков, споров этому предшествовало. И не зря! Жюри и зрители отметили высокий уровень подготовки «звезд» – яркие и цельные номера, где оценивались вокальные данные, постановка номера, соответствие смысла композиции его оформлению, креативный и творческий походы к созданию сценического образа. В итоге обладателями приза зрительских симпатий стал дуэт Айданы Сидрахметовой – специалиста управления по молодежной политике и Айнура Асембе-



ковой – студентки 2 курса кафедры МузО, Композиция Hush Hush в их исполнении вызвала самый бурный восторг зала.

А заместитель декана по воспитательной работе ФСХН Тулеген Кобжасаров и студент 4 курса специальности «Стандартизация» Тимур Галиев окунули зрителей в мир музыки группы «КИНО» Вик-

тора Цоя. В номинации «Дарынды жұп» не было равных заместителю декана по воспитательной работе Факультета машиностроения, энергетики, и информационных технологий Куанышу Есимханову и студенту 4 курса ОП «Информационные системы» Мади Садвакасову. Победу в номинации «Жарқын жұп» по праву досталась старшему препо-



давателю кафедры экономики Гульжанат Каирбаевой и студенту 2 курса ОП «Финансы» Богдану Сарбасову. Старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики Галия Сулейменова и студент 1 курса ОП «Актерское мастерство» Кирилл Гордеев стали лучшими в номинации «Үйлесімді жұп». А в номинации «Көркем жұп» отмече-

ны старший преподаватель кафедры психологии Нургуль Аубакирова и студентка 4 курса ОП «Иностранная филология» Мадина Зиядинова.

...Концерт прошел на «Ура!» и разочарованными в тот день были только те, кому не удалось попасть в зал и окунуться в атмосферу этого красочного и бурного Праздника Единства Преподавателя и Студента.

Ас - адамның арқауы

Дәмі тіл үйіреді...

Студенттің қалтасы көтеретін дәмді тағамдар

Қаламызда өзінің көркем дизайнымен және дәмді тағамдарымен ерекшеленетін кафе, ресторандар өте көп. Ал егер сіз қаржысы шектеулі студент болсаңыз қай жерде тамақтануға болады?

Студенттер қауымы көп жағдайда өздерінің басқа қажеттіліктері үшін тамаққа қаржысын үнемдеп жатады. Сондықтан олар көбіне фаст-фуд, басқа да жеңіл дайындалатын, ағзаға зиянды тағамдармен тамақтанып жатады. Жастардың арасында дұрыс тамақтану өте қымбат деген жаңсақ пікір қалыптасқан. Бірақ оны кез-келген әмиянға бейімдеуге болады. Дұрыс тамақтанған адамның денсаулығы да мықты болып, ауруға оңай берілмейді. Дұрыс тамақтанудың мезгілсіз, ерте қартаюдан алдын-ала сақтандырудағы маңызы зор. Әсіресе, студенттер үшін дұрыс тамақтану маңызды. Жас организм әрдайым пайдалы дәруменді талап етеді.

Бүгін де өте өзекті мәселелердің бірі бұл жастардың зиянды тағамдармен тамақтануы. Бұл ең бірінші кезекте адамның денсаулығына зиян келтіреді. Фаст-фудпен тамақтана отырып, адамдар оның өзіне қандай қауіп төндіретінін білмейді. Тез дайындалатын тағамдардың ағза үшін түк пайдасы жоқ. Оның денсаулыққа зияны соншалықты, ондағы майлармен қаныққан тағамдар жоғары калориялы болғандықтан, семіздікке және басқа да бірқатар ауруларға әкеледі. Сондықтан, студенттер тек тез дайындалатын фаст-фуд тағамда-

рын қабылдамай, қалада дәмді және арзан жерлерді біле жүрсін деген ниетпен аталмыш айдарымыздың жұмысын бастадық.

Барлық студенттер дәмді және арзан тамақтанатын жерді іздейтінін білеміз. Қаламызда өзінің көркем дизайнымен және дәмді тағамдарымен ерекшеленетін кафе, ресторандар өте көп. Ал егер сіз қаржысы шектеулі студент болсаңыз қай жерде тамақтануға болады? Әрине, бұл сұрақ бізді студент ретінде қызықтырды, сол себепті бұл сұраққа жауап іздеп, қаламыздағы қолжетімді 4 дәмхана жайлы ақпарат беруді жөн көрдік.

Төртінші орынға қаламыздағы ең дәмді таңғы ас дайындайтын «Verle» кафесін ұсынамыз. Сағат таңғы 8:00-ден, кешкі 20:00-ге дейін жұмыс істейді. Интерьері заманауи стильде безендірілген. Ал таңғы астарының дәмі тіл үйіреді. Бағалары тиімді. Мысалы, ең арзан таңғы ас - 800 теңгені құрайды. Ал ең қымбаты 1500 теңгеге жетеді. Тек дәмді тағамдардың дәмін татпай, сонымен қатар, әдемі контент жасап, эстетикалық суреттер жасағыңыз келсе, «Verle» кафесін тандаңыз. Мекен жайы: Б.Алтынсарин көшесі, 117 үй.

Үшінші орынға біздің бас ғимаратқа жақын орналасқан «Cheese please» пиццериясы орналасты. Үлкен кафе болмаса да іші жайлы, дизайнының өзіндік стилі бар. Пиццалардың түр-түрі ұсынылған, тіпті таңдау жасау қиын. Тиімді акция, комболар да қарастырылған. Пиццаның бастапқы бағасы 1900 теңге болса, қымбаты - 3000 теңге. Тек дәмді пиццаға тапсырыс беріп қана



қоймай, достарыңызбен қызықты үстел ойындарын ойнап, көңілді уақыт өткізуге болады. Мекен жайы: А.Байтұрсынов көшесі, 49 үй.

Ал егер сіз түрік тағамдарын, әсіресе танымал түрік таңғы астарының дәмін татып көргіңіз келсе, онда сіздерге «Turkish kebab house» мейрамханасын ұсынамыз. Түрік елінің ұлттық тағамдары мен тәттілері дайындалады. Ас мәзіріне келетін болсақ тағамдары дәмді, әр адамның талғамына сай тәттілері де табылады. Бастысы бағалары тиімді.

Мысалы, арзан кешкі ас комплексін 2770 теңгеге алсаңыз болады. Құрамына адам тоярылықтай, аз мөлшерде барлық тағамдар түрі қосылған. Таңғы тоғыздан түнгі он екіге дейін өз қонақтарын күтеді. Мекен жайы: Әл-Фараби даңғылы, 72а.

Қала орталығында 1500 теңгеге бизнес-ланч және әр апта сайын түрлі ас мәзірі бар асханаға баруларыңызға болады. Дүйсенбі-жұма күндері аралығында таңертеңнен кешке дейін жұмыс істейді, 400 теңгеге ботқа сатып ала аласыз, сон-



дықтан таңертең үйде таңғы ас ішуге уақытыңыз болмаса, біз ұсынған дәмханаға барыңыз. Шығыстың көптеген тағамдары бар. Сізге бұл жердің ұнамауы мүмкін емес. Мекен-жайы: Тәуелсіздік 85.

Келе жатқан демалыстарыңызды үйде емес, аталған кафелердің бірінде өткізуге кеңес береміз. Уақытыңыз тез әрі ұмытылмастай қызықты болып өтетініне сенімдіміз!

Зарина Жумагулова,
«Журналистика» ББ 2-курс студенті

Мен жастарға сенемін

17 қараша - халықаралық студенттер күні



XXI ғасыр - білімдінің заманы. Сол білімді өнегемен, парасаттылықпен ұштастырып, қоғамның қажетіне жарату – жастардың миссиясы. Сондай жүкті арқалап жүрген жастарымыз, яғни студенттер үшін 17 қараша айтулы мереке – Студенттер күні.

Студенттік шақ ең көңілді, ең қызықты кезең. Білім мен ғылымды игеріп, құрбы-құрдаспен күліп ойнап, махаббат майданына да түсетін шақ. Ендеше жалындаған жастардың құрметіне арналған студенттік мерекенің тарихы қандай? Ол әлемде қалай тойланады? Тарихқа сәл көз жүгіртсек.

Студенттер мерекесінің тарихын көбі біле бермейтіні ақиқат. Аталмыш мерекенің тарихы екінші дүниежүзілік соғыста Чехословакиядағы қайғылы оқиғалардан бастау алған. 1939 жылы 28 қазанда нацистер жаулап алған Чехословакияда Прага студенттері мен олардың оқытушылары демонстрацияға шықты. Мерекеге қатысушыларды тарқатып жібереді. Осы кезде медицина факультетінің студенті Ян Оппентал қайғылы жағдайда қаза табады. 1939 жылы 15 қарашада Янның жерлеу рәсімін-

де қайтадан наразылық толқыны туындап, көптеген көтерілісшілер тұтқынға алынады. 17 қарашада жатақхана қоршауға алынып, 1200-ден астам студент Заксенхаузендегі концлагерге қамалады. Рузвельт жерінде тоғыз белсендіні сот үкімінсіз өлім жазасына кеседі. 1941 жылы Лондонда өткен студенттердің Халықаралық кездесуінде бұл күнді, қаза тапқандар құрметіне, жыл сайын студенттер күні ретінде атап өту туралы шешімі қабылданады.



Аталмыш күннің студенттер өмірінде алар орны ерекше. Бұл мереке әлемнің көптеген елінде тойланады. Мейрам күні әлемнің түкпір-түкпірінде түрлі қызықты бағдарламалар, түрлі ойындар ұйымдастырылады.

Студенттік өмір тек достармен ойнап-күлу ғана емес, ол сынақтар, тесттер, емтихандар. Оқу студенттерге білім көкжиегін кеңейтіп, қызығушылықтарын зерттеуге мүмкіндік береді және студенттік өмір кәсіби тұрғыдан өсудің алғашқы баспалдағы.

Студенттік күн-бұл күнтізбедегі белгі ғана емес. Бұл күн білім алу – бұл сөзсіз қиындықтармен және өз әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жол екенін еске салады. Студенттік кезде біз интеллектуалды дамуды ғана емес, сонымен қатар студенттердің бойында құнды адами қасиеттерді қалыптастыратынымызды да ұмытпағанымыз жөн.

100 сөзден тұратын жаңалық

Жүріктен жүйрік озар

Журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасының 4 курс студенттері Екатерина Байняшева, Владимир Лакамов және Әйгерім Куджанова 23-25 қараша аралығында Санкт-Петербургте өткен Humani Future халықаралық әлеуметтік журналистика фестивалінде арнайы номинацияда жеңіске жетті.

Студенттер Қостанайлық белсенді және

блогер Никита Журавлев туралы «Дөңгелектерде серуендеу» деректі фильмін түсірген.

Бұл фильм 50 жұмыстың ішінен «Деректі кино» номинациясы бойынша іріктеуден өтіп, үздік ондыққа кірді. Нәтижесінде «Ерекше көзқарас» арнайы номинациясында атап өтілді және ерекше қажеттіліктері бар балаларға көмек көрсетумен айналысатын қоғамдық қордың сыйлығына ие болды.



Халықаралық еріктілер күні

5 желтоқсан – еріктілер күні. Айтулы мереке халықаралық деңгейде аталып өтуде. Бүгінгі таңда Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінде екі мыңнан астам студент қайырымдылықпен айналысады. Оқу ордасында «Аяулы жүрек», «Жарық» атты екі бірдей еріктілер клубы жұмыс жасайды. Қиындықтарға қарамастан қоғамға пайдаларын тигізіп жүрген студенттер көпке үлгі болатынына сенімдіміз. Екі жыл қатарынан «Үздік еріктілердің» қатарында біздің универси-

теттің студенттерінің болуы да мерейді асқақтатқаны рас. Университетте дарынды және бастамашыл жастарды қолдау бойынша жұмыстар жүйелі түрде өткізіліп келеді.

Айта кетейік, жыл сайын қоғамға пайда әкелуге ниет білдіретін бастамашыл жастар көбейіп келеді. Бұл күн тек жақсылық жасау мүмкіндігі ғана емес, сонымен қатар жақсылық пен қайырымдылықтан шабыт алуға және айналамызға қамқор болуға ұмтылуға септігін тигізеді.



Советуем посмотреть



Как казахстанское кино завоевывает мир и миллиарды

Любопытное исследование провели студенты выпускного курса специальности «Журналистика»

Средствами визуализации они взялись показать, изменилась ли казахстанская киноиндустрия за последние два года. Оценили прибыль, жанровую составляющую, рейтинги фильмов среди зрителей и критиков, а также возрастную ориентированность на аудиторию. Насколько вложенные средства оправдали ожидания киноаудитории.

Итак, самой прибыльной стала франшиза "Бизнес по-казахски". В 2022 году "Бизнес по-казахски в Турции" заработал 1 млрд 185 млн тенге, а в 2023 году "Бизнес по-казахски в Индии" заработал 1 млрд 281 млн тенге.

Средний рейтинг фильмов вырос за один год с 6,6 до 6,8 по 10-балльной шкале. Однако большая их часть остаётся незамеченной и совсем не имеет оценок. В 2022 году без внимания критиков и зрителей осталось 14 фильмов (40%), а в 2023 году - 35 фильмов (70,5%). На наш взгляд, это может свидетельствовать не только о том, что некоторые отечественные картины не вызывают интереса у аудитории, но и о том, что, возможно, они просто не представляют собой особой ценности для критиков?

В 2022 году лучшей кинолентой в нашем рейтинге стала драма "Дос-Мукасан", худшей - фильм ужасов "Черная гора". В 2023 привлекла внимание комедия "Каникулы OFF-LINE 2", а антилидером стала "Невеста напрокат".

Самым любимым казахстанцами киножанром остаётся комедия. А снимают у нас киноленты чаще с возрастным цензом "12+".

Порадовало то, что казахстанская киноиндустрия сегодня стала прибыльным бизнесом. Причем не только в границах нашей страны.

*Екатерина Байняшева,
Владимир Лакамов
студенты 4 курса ОП «Журналистика»*

Көруге кеңес

«Міржақып. Оян, қазақ!»

2023 жыл қазақстандық кинематография жаңа белесті бағындырды десек қателеспейміз. Көзі қарақты көрерменнің кино саласындағы талғамы биіктегенін байқадық. Оған дәлел биыл кинотеатрларда «Міржақып. Оян, қазақ!» тарихи фильмінің көрермендер тарапынан зор сұранысқа ие болуы.

Алаш арыстарының бейнесін экранизациялаған аталмыш фильм көптің көңілінен шығып, тарихи фильмдерге сусындаған көрермендерге зор эмоция сыйлады. Ұлтының ұлы азаматы Міржақып бейнесін түсіруші топ оны ақын, қаламгерден бұрын, қайраткер ретінде алып шығуға о бастан бекіген. Және бұл идея сәтті жүзеге асқан.

Міржақыпты бейнелеген актер Бақыт Қажыбаев өз кейіпкерінің қайсар мінезін, батылдығын, ар алдындағы адалдығын шебер сомдап қана қоймай, қиналған, жақын достарының өлімін көріп, әділетсіздік пен сатқындық алдындағы шарасыз бейнесін де жүрекке жеткізе білді. Актерлық құрамның шебер ойынына тәнті болған көрермен Міржақыппен бірге күйініп, жары Ғайнижамалмен жылап, қызы Гүлнәрмен бірге қуанды.

Фильмде Қызылжарда бала оқытып жүрген мұғалім Міржақып азаматтық ұстанымына берік, халқына жаны ашитын дара Міржақыпқа айналады. Міржақыптың өмір жолын көрсету арқылы бұл фильм қазақ халқының азаттыққа талпынысын, Алаш арыстарының тар

жол тайғақ кешкен кезеңдерін суреттейді. Бұл фильмді экран алдынан тапжылмай, көрген адамды бір демде жетелеп алып кетеді.

Жазықсыз әкенің адал атын қайтарғысы келген қызының қайраткерлігі бөлек әңгіме! Гүлнар Міржақыпқызының образы, ғұмыр бойғы арман-тілегі мен ізденісін, талпынысы, ерік-жігерін, әкеге деген сағынышын, перзенттік парызын Гүлжан Әспетова шебер сомдаған. Алаш үкіметінің автономия туралы жоспары жүзеге аспай қалатын кезін, саяси қудалауға түскен арыстардың елді тығырықтан шығу жолын іздеген кездеріне баға беріп, тарихқа көз жүгіртем десеңіз аталмыш телехикаяны көруге кеңес береміз.

Тарихи киноны көріп, рухыңыз оянып, санаңыз сілкінеді. Сондықтан да бұл фильмді халықтың жан жарасын емдейтін туынды десек артық болмас. Арыстарымыздың өмірін, күрес жолын шынайы көрсете білген фильмді ғаламтор желісінен қарай аласыздар.

*Раушан Азаматқызы
2-курс студенті «Журналистика» ББ*

Бас редактор/Главный редактор
Кунгурова О.Г.

**Бас редактор орынбасары/
Заместитель главного редактора**
Мұханбетжанова А.Р.

Беттеуші/Верстальщик
Мираспеков С.Н.

Телефон: +7 (7142) 51 11 93
Instagram: @zhurnalistykr